

26.09.2023 ж №Т00063

Бастауыш сыныпта заманауи әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалану

МАЙЧУБАЕВА ГУЛЬДАНА АЗИМБАЕВНА Жетісу облысы Панфилов ауданы «Шежін орта мектебі»КММ бастауыш сынып мұғалімі

Егеменді еліміздің өсіп келе жатқан ұрпағын ойлы да іскер, өзіне — өзі сенімді, интеллектуалдық деңгейі биік азамат етіп тәрбиелеуде мектептің алатын орны ерекше. Бастауыш саты — білім, дағды, іскерліктің қалыптасуының бастамасы болып табылады. Біздің міндетіміз — жеке тұлғаны дамытып, білімге деген сенімін нығайту, оқуға қызығушылығын оятып, ынтасын арттыру.

Қазіргі заманғы ғылыми — техникалық үрдістің қарқыны білім беру жүйесінің алдына үлкен мақсаттар мен жаңа міндеттер жүктейді. Жас ұрпақты жан — жақты жетілген, ақыл — парасатты, ой — өрісі биік, бәсекеге қабілетті азамат етіп тәрбиелеу — қоғамымыздың ең өзекті мәселесі. Бұл әр мұғалімнің шығармашылық ізденіспен жаңаша істеуін қажет етеді. Білім негізі мектеп қабырғасынан басталатыны белгілі. Мектеп оқушысы не нәрсені болса да білуге құмар, қолымен ұстап, көзбен көргенді ұнатады. Зейіндері тұрақсыз болғандықтан бір сарынды оқудан тез жалығады. Сондықтан оқу мазмұны мен тәрбие әдістерін жаңарту бағытында оқушыларға сапалы білім мен саналы тәрбие беру үшін жан — жақты іздене отыру керек.

Білім беру саласындағы бүгінгі басты міндеттерінің бірі – оқушыларға терең білім беру. Ал, оның негізі жалпы білім беретін мектептердің оқыту үрдісін жақсартуға білім саласына жаңа технологияларды енгізу болып табылады. Оқу – тәрбие үрдісіне жаңа инновациялық әдіс тәсілдерді енгізу оқушылардың білімге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып өз бетімен ізденуге шығармашылық еңбек етуге жол салады. Пәндерді оқытуда тиімді әдіс – тәсілдерді пайдалана отырып, сабақты қызғылықты да тартымды өткізу мұғалімнің шеберлігіне байланысты екені баршамызға мәлім. Ол бүгінгі білім беру кеңістігіндегі ауадай қажет жаңару оқытушының қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісімен келмек. Сондықтан да әрбір оқушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Өйткені мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді.

Білім, дағды, іскерліктің қалыптасуының бастамасы – бастауыш саты. Келешекте арнаулы мамандықтарға талпынудың іргетасы да осы бастауыштан басталмақ. Жас бүлдіршіндердің ой-қиялын біліммен нұрландыратын, дүниетанымын кеңейтетін – ұстаз шеберлігі. Әсіресе, терең де тиянақты білім беруді ұлағатты тәрбиемен ұштастыруда бастауыш сынып пәндерінің өзіндік орны ерекше. Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы — заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама.

Қазақ тілі – мемлекеттік тіл, қарым-қатынас тілі – орыс тілі және ағылшын тілі – әлемдік кеңістікті тану тілін оқытуда жаңа идеяларды әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қолдану – заман талабы болып отыр. Қазіргі таңда оқытудың парадигмасы өзгерді.

Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және жаңа технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Бастауыш сынып пәндеріне арналған оқу бағдарламаларындағы оқу мақсаттары оқушылардан шынайы проблемаларды анықтап зерттей білуді талап етеді.

Негізінен, жаңартылған білім жүйесі – құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АКТ-ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) үйретеді. Оқушыларды заманауи әдіс-тәсілдермен оқытып, ой-өрісі кең, саналы, еркін азамат етіп тәрбиелеу қажеттілігі де осы себептен туындап отыр.

Жаңартылған оқу бағдарламасы, оқу жоспарлары, тілдік дағдылар, педагогикалық әдіс-тәсілдер және белсенді оқыту технологиялары да қарастырылды. Сол себепті қысқа мерзімді сабақ жоспарын құрастыру барысында оқушылардың жас ерекшеліктеріне басты назарды аударып, мысалы, «Өрмекшінің өрмегі», «Қораптағы сұрақ», «Серпілген сауал» әдіс-тәсілдерін күнделікті қолдану барысында оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтарының артатындығын аңғардым.

Сабақ барысында ресурстарды молынан қолдануға тырысамын.

Әр сабақта қолжетімді ресурстарды дұрыс, әрі ұтымды пайдалану тиімді. «Алфавит тізбегі» оқушылар өткен тақырып бойынша алған білімдерін алфавиттегі әріптерден басталатын сөздерді кезекпен атап шығу керек.

Мысалы тақырыбыңыз «Қазақстан»«қала» «Менің достарым»болса, А — Астана Ә-әскер Б-бидай В-валюта Г-газ Ғ- ғимараттар «Эссе жазу» 3 минут ішінде өтілген тақырып бойынша не түсінгенін жазады. Сабақты қорытындылауға өте тиімді әдіс — тәсілдің бірі. «Сұхбат алу» ортаға үш оқушы шақырылады. Екі оқушы бір-бірімен тақырып бойыншасұхбат құрады. Үшінші оқушы түсінгенін әңгімелейді. Әр сабақта топқа бөлу арқылы әр оқушының жұптық жұмыс, топтық жұмыста өз шеберліктерін көрсете алады. Сабақтарымды қызықты әрі оқушыларға жан- жақты жұмыс жасауға тиімді жақтарын қарастырып отырамын.

«Маршрут» ойыны. Бұл ойын бас қатыру есебі – ойланып табылған сөздің әріптерін, алдыңғы сөздің соңғы әрпі, кейінгі сөздің алдыңғы әрпі болып табылатындай етіп, бірінің соңына бірі тізбектеле орналасқан торкөздерге сөздер толтырады. Мысалы, Алматы-ыдыс-сабын-нар-рахмет-тарақ, -қарбыз т.б.

«Екі әріп» ойыны. Бірінші қатысушы бір сөз, зат есімді айтады. Келесі қатысушы сол сөздің соңғы екі әрпінен келетін сөзді ойлап табады, бірақ дауыстап айтпайды, тек өз сөзімен түсіндіреді, үшінші қатысушы мұның не туралы айтып жатқанын түсінеді де, сол сөздің соңғы екі әрпіне сөз ойлап табады. Бір қызығы балалар сөзді жасырушының не туралы айтып жатқанын біледі, бірақ ешкім оны дауыстап айтуына болмайды.

«Еске түсіру» ойыны. Қатар отырған оқушылар бір-біріне теріс қарап отырады да, парталасының аты кім, көзінің түсі қандай, киімі қандай, аяқ киімі қандай, егер қыз бала болса юбкасының түсі қандай, құлағында сырғасы бар ма, осы сияқты белгілерді айтып шығады. Бұл ойын балалардың бір-бірін жақсы тануға, қарым-қатынасын реттеуге көмектеседі. Балалардың есте сақтау қабілеті, бақылағыштығы жақсарады.

«Екі ассоциация» ойыны. Екі баған сызады да, оған төрт сөзден жазады. Бағанға кез келген адам, жануар, заттардың атын жазады. Осы екі жақтағы сөзді байланыстырып, ерекше бір ассоциация ойлап табуы керек. Мысалы егер бірінші бағанға мысық, екіншісіне жарық деп жазылса, екі сөзді қосып «жарыққа жылынған мысық», «лампочка спиралы мысық мұртына ұқсайды», «лампочка сияқты» мысық томпақ және жылы», «мысықтың басы лампочка сияқты» т.б. ерекше ұқсастықтар табады. Орындауға 5 минут уақыт беріледі. Жазғандардың ішінен ең қызықты ассоциация таңдалады.

«Қара жәшік» ойыны. Оқушылар екі топқа бөлінеді. Стол үстіне екі жәшік қойып, ішіне көзілдірік, түйме, гүл, желпуіш, айна т.б. заттарды салады. Ойыншының міндеті жәшік ішіндегі затты өмірде қай кезде, қалай қолданатынын сипаттап айтуы керек. Қарсы топ оларды жасырып отырған затын айтқан сөздеріне қарап табуы керек

«Жолға шығу» ойыны. Ойын айналадағы заттарға талдау жасауға мүмкіндік береді. Жолға шыққан жолаушы қандай заттарды алады? деген сұрақ қойылады. Бір топ керекті заттар тізімін айтады, екінші топ ол заттар не үшін қажет екенін айтып беруі керек.

«Кемпірқосақ» ойыны. Бір минут ішінде түстері әртүрлі бес түсті затты ретімен тез айтып шығуға тапсырма береді. Мысалы: қарбыз (қызыл), лимон (сары), аспан (көк), жапырақ (жасыл), топырақ (қоңыр). Кімде-кім түске сәйкес заттың атын таппай қалса, ойыннан шығады.

Қорыта айтқанда, бағдарламаға сәйкес алынған тәсілдерді сабақта тиімді қолданысқа енгізсеңіз, баланың танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білім алуға, шығармашылығын қалыптастыруға ықпал етеді, оқушылар оқудың қызықты жеңіл өтетіндігін, ұжымда бірлесіп жұмыс жасауға үйрететіндігін, білімнің тереңдігі, әрі тиянақтылығы артатындығын баяндайды. Білім беру мазмұнын жаңарту аясында өз кәсіби біліктілігімізді шыңдап, құзыреттілігімізді қалыптастырсақ қана тиімді нәтижеге жетеміз деп сеніммен айта аламын.

26.09.2023 ж №Т00062

**«Математика сабағындағы заманауи технологиялар
оқытудың тиімділігін арттыру құралы»**

ХУСПАН ЛИДА
Жетісу облысы Панфилов ауданы Шежін ауылы
«Шежін орта мектебі» КММ
Математика пәні мұғалімі

Бұл тақырыптың өзектілігі мен болашағы мынада: мектептегі білім беруді модернизациялау, мектептегі білім берудің заманауи талаптары және оқуға қызығушылықтың жойылу мәселесі. «Психология заңы бойынша баланы кез-келген әрекетке шақырмас бұрын, оған қызығушылық танытып, оның бұл әрекетке дайын екендігін, оған қажетті барлық күштері бар екенін білуге тырысыңыз», - деп жазады Выготский. Қытай даналығы: «Айтсаңыз - мен ұмытып кетемін, көрсетсеңіз - есімде қалады, өз бетімше әрекет етуге рұқсат етіңіз - үйреніп аламын» - дейді.

Осы мәселе менің «Математика сабағындағы заманауи технологиялар - оқытудың тиімділігін арттыру құралы» тақырыбын таңдауыма негіз болды. Егер сіз оқушыны бағыттап, өз бетінше әрекет етуге мүмкіндік берсеңіз, балаларды қызықтыруға болады. Төменде келтірілген заманауи білім беру технологиялары оқытудың тиімділігін арттыруға арналған.

Оқытудың тиімділігін арттыру үшін ең алдымен балалардың жеке ерекшеліктерін ескеру қажет, оқушылардың қызығушылығын дамытып, оқуға ынталандыратын заманауи білім беру технологияларын (технология элементтерін) пайдалану қажет.

Қазіргі сабақтың тақырыбы - мұғалім мен оқушының субъективті қарым-қатынасы, оқу әрекетін дұрыс ұйымдастыруды жүзеге асыру, оқушының оқу іс-әрекетін басқару, оның белсенділігін ынталандыру. Дұрыс ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті - бұл оқу ғана емес, оқитын адам ретінде белсенді жұмыс. Оқушының қолына балық емес, қармақ беру керек.

Технология дегеніміз не? Технология дегеніміз - қоршаған ортадағы шындықтың субъектісі ретінде тұлғаның дамуын барынша арттыру мақсатында ұйымдастырылған мұғалімнің балалармен әрекеттесу процесінде әсер ету сипатын ғылыми негізде таңдауы. Технология - оқыту мен тәрбиелеудің теориясы мен әдістемесі практикаға бағытталған, қысқа мерзімде, жіті тексеріліп қабылданатын, оқытушы мен оқушының жеке басының ерекшеліктеріне байланысты жасалады.

Технология деген сөз бізге грек тілінен енді, тарихына сүйенсек: техниканы - өнерді, қолөнерді, логотипті оқытуды кеңінен қолдану мағынасында. Сондықтан, технология мұғалімнің оқушыға әсер ету процесін ұйымдастырудағы кәсіби маңызды дағдыларының жүйесін ашады, педагогикалық іс-әрекеттің технологиялық тиімділігін түсіну тәсілін ұсынады.

Технологияның жетекші белгілері мен сипаттамалары:

Логиканың кез-келген компоненттерінің жиынтығы (үйлесуі, байланысы), компоненттер әдістерінің (әдістерінің) реттілігі, әдістер, әрекеттер нәтижеге кепілдік береді.

Қазіргі заманғы білім беру технологияларының ішінде тек бірнешеуін ғана ашып көрсетейін:

- Денсаулық сақтау
- проблемалық оқыту технологиясы;
- тест технологиялары;
- ақпараттық-коммуникациялық технологиялар;
- жобалау технологиясы.

Денсаулық сақтау технологиясы. Денсаулық сақтау технологиялары - білім беру ортасының маңызды сипаттамаларын ескере отырып, балалардың денсаулығын сақтау және нығайту жөніндегі шаралар жүйесі.

Өз сабақтарымда денсаулық сақтау технологияларының келесі принциптерін қолданамын:

- Жеке тұлғаға бағытталған: орталықта - баланың дамуы, оның мүмкіндіктері мен қабілеті үшін қолайлы жағдайлар жасау,
- сараланған тәсіл,
- жұмыс түрлерінің ауысуы,
- физикалық минуттар, музыкалық және түс эффекттері бар динамикалық үзілістер.

Тыныс алудың қысқа минуттарын қолдану шаршауды азайтуға және оқушылардың сабақтағы ақыл-ой қабілеттерін арттыруға көмектеседі. Слндай-ақ, ғалымдардың өмірбаянын зерттеу арқылы математикада салауатты өмір салтын насихаттауға да болады.

Проблемалық оқыту технологиясы. Проблемалық оқыту - бұл оқытушы ұйымдастырған, оқыту мазмұнына сай ұсынылатын, оқушы мен проблеманың белсенді өзара әрекеттесу тәсілі. Технологияны қолдану барысында білімнің қарама-қайшылықтары мен оларды шешудің тәсілдерімен бетпе-бет келеді, білімді шығармашылықпен қабылдауға үйренеді. Проблемалық жағдай туғызу арқылы зерттеушілік әрекеттің шарттары және оқушының шығармашылық ойлауының дамуы модельденеді.

Проблемалық оқытудың міндеттері:

1. Ойлау, қиялын дамыту, шығармашылық қабілеттерін дамыту.
2. Студенттердің белсенді ізденіс барысында алған білімдерін, дағдыларын игеруі және проблемаларды өз бетінше шешу, нәтижесінде алатын білім, дағды дәстүрлі оқытуға қарағанда берік болады.
3. Стандартты емес мәселелерді көре алатын және шеше алатын оқушылардың белсенді шығармашылық тұлғасын тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Білім берудегі барлық қатысушылардың мотивациясын, алған білімдерін өзектендіру, жинақтау және жалпылау, жаңа білімді өз бетінше құру қабілеттерін зерттеу.

2. Пікірталас мәдениетін, өзіндік құнды пікірін білдіру және өз пікірін дәлелдей білу, өзін-өзі бағалауды қалыптастыру және оқу іс-әрекетіне өзіндік талдау жасау, мәселеге тұтас көзқарас қалыптастыру.

3. Өз бетінше іс-әрекетке, ұжымдық еңбекке, ұжымдық бірлестікке тәрбиелеу.

Проблемалық жағдайды жасау әдістерінің ішінен бірнеше маңыздысын атап өтуге болады:

- қарама-қайшылықты азайту және оны шешу жолын ұсыну;
- бір мәселе бойынша әртүрлі көзқарастарды ұсыну;
- сыныпқа құбылысты әр түрлі тұрғыдан қарастыру туралы ұсыныс жасау;
- оқушыларды жағдайларды салыстыруға, жалпылауға, қорытынды жасауға, фактілерді салыстыруға шақыру;
- жалпылау, негіздеу, нақтылау, ойлау логикасы үшін нақты сұрақтар қою және т.б.

Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар. Қазіргі сабақта жинаған ақпаратынан гөрі, оның ақпаратпен жұмыс жасау әдістері барысында алған нәтижелері:

алу, ұйымдастыру, алмасу және эстетикалық жағымды нәтижелері бар. Компьютер - оқуды жетілдірудің құралы. Ол білім беру ақпаратын ұсынуды кеңейтті. Түрлі-түсті, дыбыстық, графикалық, заманауи мультимедиялық құралдарды қолдану түрлі жағдайларды жасауға мүмкіндік береді.

Математикада компьютерлік технологиялар мен ақпараттық технологияларды қолдану әр түрлі жолмен ұйымдастырылуы мүмкін:

- дайын бағдарламалық өнімдерді қолдану: мультимедиа - математика кешені;
- MS Office бағдарламаларымен жұмыс (Word, Power Point, Elite Panaboard кітабы, ноутбук, Easiteach, Windows Movie Maker)
- Интернет-ресурстармен жұмыс
- мұғалім және оқушылар жасаған презентациялар, бейнесабақ.

Жоба технологиясы.

Жоба әдісінің негізгі мақсаты оқушыларға практикалық есептерді немесе әртүрлі пәндік салалардағы білімді біріктіруді талап ететін мәселелерді шешу барысында білімді өз бетінше алуға мүмкіндік беру.

Бұл технологияда мұғалім үйлестіруші, бағыт беруші болып табылады.

Бұл сөздермен келіспеу мүмкін емес, өйткені Р. Алдингтонның айтуы бойынша:

«Білуге болатын маңызды нәрсені үйретпейсіз, мұғалімнің қолынан келетіні - оның жолдарын көрсету».

Жобалардың түрлері:

- жобада үстемдік ететін әдістер (зерттеу, ақпараттық, шығармашылық және т.б.)
- байланыс деңгейі бойынша (ішкі, сыртқы)
- қатысушылар саны бойынша (жеке, жұптасқан, топтық)
- ұзақтығы бойынша (қысқа, орташа, ұзақ).

Оқушылардың көзқарасы бойынша білім беру жобасы - бұл өз бетінше немесе топпен бір нәрсе жасау мүмкіндігі, бұл өзін-өзі сынап көруге, қабілетін-өзі сынап көруге, білімін-өзі қолдануға, пайда әкелуге және көпшілікке қолжеткен нәтижелерді көрсетуге мүмкіндік беретін әрекет.

Қорытындылай келе, заманауи білім беру технологияларын (олардың элементтерін)

пайдалану бізге сабақтармен сыныптан тыс жұмыстарды жаңа мазмұнмен толықтыруға ғана емес, балаларды оқуға ынталандыруға, танымдық белсенділіктерін арттыруға, математиканы оқытудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді деп айтқым келеді.

26.09.2023 ж №Т00064

Кітап – қазына, кітап – байлық...

ДОСМЕТОВА МАРХАБА ЕРГЕШОВНА
Түркістан облысы Кентау қаласы
«Ә.Науаи атындағы №17 жалпы білім беретін мектеп» КММ
Мектеп кітапханашысы

Адамзаттың ұлы байлығының бірі – кітап. Ол – адамның көп ғасырлық ақыл-ойының жемісі. Кітапты талғап тандап оқиалу, оны терең түсіну, содан алған әсерді қажетке жарату – әркімнің білік-білімін, пайым-парасатын анықтайтын алғышарттардың бірі де бірегейі. Кітап – қазына және оқырманның асып-тасымайтынасылдосы. Өйткені, оны меншын «дос» болған кісінің ой-өрісі кең, сөз мәдениеті жоғары болары сөзсіз. Кез келген елдің тарихын, жүріп өткен жолын баян ететін десол кітап. Өкінішке қарай, бүгіндері әдебиетке деген қызығушылық азайып, бір құлықсыздық пайда болды. Оның себебі налыстан емес, күнделікті қолданысқа енген жаңа технологиялардан іздеген жөн. Бұған бәріне «капиталистік сана» тұрғысынан қарайтына адамдардың қосыңыз. «Оқырман жоқ, кітап оқылмайды!» деп даурығамыз. Сол тақырыпты негезерттеп, әлсіз тұсын анықтап, кемшілігін түземейміз?! Дәл қазіргі кезде адамға кітап оқытпайтын көп факторлар бар. Яғни кедергілер. Бірі – жасанды, екіншісі – табиғи. Мен педагог ретінде айтарым, бұрынғы кезбен салыстырғанда қазіргі ата-аналар балаға, балаға кітап оқыту мәселесіне, бала тәрбиесіне аз көңіл бөледі. Соның әсерінен бізде «оқырман мектебі» қалыптаспай жатыр. «Оқырман мектебі» дегенміз не?! Ол орта, кітапты талғап, талдап, саралап, тандап оқытып оқырмандардан құралған орта. Кейін, сол орта интеллектуалдық күш-қуатқа айналып, елге, ұлтқа, қазаққа, Алаш жұртына еңбек етіп, адамзат игілігі үшін қызмет етуі қажет. Ал кітап оқу, кітапқа деген қызығушылық балабақшадан, мектептен басталу керек. Ертегі, аңыз-әңгіме, тақпақ, бәрі-бәрі бүлдіршіннің кітапқа деген құштарлығын оятады. Меніңше, оқу, тоқу, іздену формацияған емес е технологияға байланысты емес. Себебі, егер адам өзіне белгілі бір дүниені қажетсінсе, онда ол соған қарай ұмтылады. Құлдырау қай жерден басталады?! Құлдырау сол қажеттілікті сезінбегенде басталады.

Мен педагог болғандықтан «бала және кітап» контекстіндесөйлеугетиіспін. Ата-аналар баланың теледидар көру уақытын кішкене болсын азайтса, онда олар көп нәрседен ұтады деп ойлаймын. Өйткені, теледидар біріншіден, еріктішектейді, екіншіден, олоялануға, еркін оялануға мүмкіндік бермейді. Сондықтан ата-ана баласының кітап оқуын а тұрақты түрде көңіл бөліп тұрса, нұр үстінен үр болареді.

Қазақ қоғамы рухани әлемінің жұтандап, ойшылдықтан гөрі ойсыздыққа беталып бара жатқаны қазіргі кезде қатты байқалады. Идеологияның басты тетігінің бірі – теледидар.

Бірақ олар міндетін лайықты дәрежеде атқарып жүрме?! Жоқ. Көрсететіні – шоу, әнші-әртісөмірі, жеңіл-желпі бағдарламалар, т.б. Бұның бәрі адамды тап-таза наадандыққа алып барып тірейтінін біреу білсе, біреу білмес. Дегенмен, әңгіме онда емес, әңгіме қазақ ұлтына қаншалықты пайдамыз тиіп жүр?!

Сол себепті де, бала – ұлт болашағы.

Олар мықты да парасатты болуы үшін кітап оқуы қажет.

Бүгіндері оның қажеттігін соншалық қатты сезінбеуіміз мүмкін. Алайда, азуақыттан кейін ұлт пен ұлттар арасында «интеллектуалдық сайыстардың» орыналады. Ғылыммен, біліммен жарысатын заман туады.

Сонда қатты қиналып қалмасақ жарареді...

Сондай оқшылықтың орнын қазірден бастап толтыруымыз керек.

Адамды ойшылдыққа бастайтын нәрсе – әдебиет.

Әдебиет қана адамның рухани әлемін байытып, оның жан-жарасын емдей алады.

Әдебиет қана ұлтты оята алады. Әдебиетке басымдық бермеу – ұлтты тірідей өлтіру, оны жою.

Қазақ баласының әдебиеттен алыстатып алмаудың амалын бірлесіп табуымыз керек.

Өскелең ұрпақтың қызығушылығын арттыру – басты міндет. Меніңше,

қазіргі уақытта оқырманды тартудың,

оқырман үшін күресудің жолы өте көп деп білемін.

Жуырда ғана Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы жарық көргені белгілі. Онда Президент басқа емес, руханият пен сана мәселесіне баса назар аударған. Бұның өзі елімізде үлкен-үлкен өзгерістер болатынының белгісі. Соған қарағанда, мемлекеттің өзі кітап пен ұлт деген маңызды компоненттерге көңіл бөле бастауы әбден мүмкін. Балаға мектеп табалдырығын аттаған күннен бастап кітап деген қандай құндылық, ол тек қағаз ғана емес, ол «адамзат қазынасына» айналған үлкен дүние екенін ұғындыруымыз керек. «Жастар кітап оқымайды» деп байбалам салғанша, бәріміз жұдырықша жұмылып, елімізге барынша еңбек етуіміз керек. Қазіргі қазақ үшін оқырман мен кітап, сана мен ой, даму мен өсу деген

түсініктер аса қажет екенін терең сезінгенде ғана ұлт ретінде үлкен дәрежеге жете аламыз. Соны ертерек ұғынсақ қой. Өйткені, біз әлсіреп, топастанып барамыз. Кітапханашылар мен мұғалімдердің статусын көтеруіміз керек. Неге? Себебі, олар – қоғамның, жалпы мемлекеттің генераторы. Кітапханашылар әр оқырман үшін күресуде. Ал ұстаздар сол оқырманды тәрбиелеуші, сол оқырманды қалыптастырушы. Сондықтан ұлтты ойласақ, онда кітапты оқыту тетіктерін іске қосуымыз қажет деп ойлаймын.

Бүгіндері «ойлы оқырман» деген сөзді естімегелі қашан?! Бәріміз сөйлегенде шешенбіз. Бірақ іске келгенде шабанбыз. Қазіргі қазақ қоғамындағы рухани ахуал өте қиын. Себебі, кітап оқымаймыз. Оқығымыз да келмейді. Ал оқу жоқ жерде өсім, өсу, даму жоқ. Бұны – тоқырау дейді. Қай ұлт болсын тоқырамас үшін кітапқа ден қоюы керек. Бұнымен қатар, барлық ой, барлық нәр көркем әдебиетте. Көркем әдебиет Флобер айтпақшы, «сезімді тәрбиелейтін» дүние. Қазақтың көркем тілі, көркем ойы – әдебиетінде. Ал әдебиет пен тіл – ұлт ұстыны. Ойшылдық туралы ойласақ, онда ең әуелі әдебиетіміздің хал-ахуалын ойлауымыз қажет. Қазіргі қазақ үшінгі ең басты нәрсе ұрпақты кітап оқуға баулу. Кітап – баға жетпес байлық, ақылшы, тәлімгер. Кітап – сарқылмас қазына, таңғажайыптарға толы алтын сандық. Және кітап – адамгершіліктің қайнар көзі, адамзаттың рухани құндылығы, өмір айнасы, тарих шежіресі, өнер-білім бұлағы. Қазақ кітапты кие тұтып, ерекше қадірлеген ұлт. «Кітап – білім бұлағы, білім өмір шырағы», «Кітаппен кеңес, білімдімен теңес» деген секілді мақалдар соның дәлелі. Мұхтар Әуезовтің «Халық пен халықты, ұлт пен ұлтты теңестіретін нәрсе – білім» деп айтқан сөзі әлі ескіре қойған жоқ. Сондықтан білімді адамзатқа жеткізіп, сусындататын дүние кітап екені бесенеден белгілі. Кітап – жан досың. Ол әркез жаныңда жүруге тиіс. Кітап барша ғылым, технология атаулының атасы болғандықтан, онсыз өмірді елестету мүмкін емес. Біз кінәні сырттай іздейтін елміз. Компьютер дейміз, ұялы телефон дейміз, ғаламтор дейміз, мәселе онда емес. Том-том кітапті құшақтап, кітапханаға баратын кісілерді аз көретініміз шындық. Бұрынғының адамдары бір-біріне кітап сыйлайтын. Қазір бұл үрдіс атауымен жоғалды. Неліктен?.. Себебі, кітап құндылық болудан қалып барады. Бірақ ол уақытша ғана құбылыс. Кінә ғаламторда не жаңа технологияларда емес, кінә өзімізде. Мәселен, планшет арқылы кітап оқып, электронды кітапхана түзуге болады. «Кітап оқылмайды» дегенді еріншектер ғана айтады.

Меніңше, кітап кімнің болсын рухани «қорегіне», рухани «азығына» айналуы керек. Әрбір өткен заманды жырлайтын кітап ешқашан да өз құнын жоғалтпайды. Өйткені, кітап – «алдыңғы толқын ағалардың» кейінгі «толқын інілерге» ұрпаққа қалдырған мұрасы, рухани тұрғыдан есейтетін жан азығы. Уақытында шамның жарығымен кітап оқитын. Кітапқа деген қызығушылықтың азаюы құлықсыздықтан деп білемін. Жазушы Софы Сматаев бір сұхбатында: «Кітап менің сырласым, мұндасым, жолдасым болып алған. Өйткені, кітаптан жаныма нәр, жүрегіме шер аламын, сол кітаптан жұбаныш табамын. Бетін ашып қалсам, көңілім елжірейтін, жүрегім тебіренетін. Сондағы өлең шумақтары, шығармалар жүрегіме дәрі болатын. Кітап біз үшін әрі білім, әрі ғылым, әрі өнер, әрі мәдениет, әрі әдебиет. Кітап солардың бұлағы деуге болады», – деген еді. Сол себепті, кітап – біздің болашағымыз. Онсыз өсім жоқ. Ал өсім болмаған жерде, дамыған елдердің қатарына кіру арман боп қалмақ!..


№ T00072 10.10.2023 ж

ШОХАБАЕВА БИЖАМАЛ БАЗАРГАЛИЕВНА
БҚО, Орал қаласы, Зерде бұзылыстары бар
балаларға арналған облыстық арнайы кешен
"мектеп-интернат-колледжі" КММ
Ұзартылған күн тобының тәрбиешісі

Мұғалімі:	Шохабаева Бижамал Базарғалиевна	
Күні:	01.09.2023	
Сынып:		
Тәрбие тақырыбы	«Мектебім - мейірім мекенім»	
Құндылық	Ұлттық мүдде	
Мақсаттары	1. Білімділік: балалардың «мейірімділік», «қайырымдылық» құндылықтар туралы түсініктерін кеңейту; 2. Дамытушылық: оқушылардың психологиялық ой-өрісін, ойлау қабілеттерін дамыту, өз ойларын еркін жеткізе білуге үйрету; 3. Тәрбиелік: оқушыларды адалдыққа, мейірімділікке, қайырымдылыққа, кішіпейілдікке тәрбиелеу.	

Сабақтың барысы:

Сабақтың кезені/ уақыт	Педагогтың әрекеті	Оқушының әрекеті	Ресурстар
Сабақтың басы Сабақтың ортасы Сабақтың соңы	I. Ұйымдастыру кезені (2 мин) Оқушылардың көңіл - күйлеріне назар аудару. - Сәлеметсіздер ме балалар. Оқушыларды шаттық шеңберіне шақырады. Сынып сағатының мақсаты мен міндеттерін хабарлайды	III.2- Слайд "Адалдық" Берілген сауалдарға оқушылар өз пікірлерін жеткізеді. - Оқушылар сонымен бізде радам бойы	Плакаттар презентация

	<p>II.1 слайд «Шаттық шеңбері» «Адалдық» Д. Әлімжанов Адалдық өміріңе керек нәрсе, Ол да гүлдеп нұрланар көңіл бөлсе. Халыққа өз пайдасын тигізе алмай, Адам боп, өзін – өзі меңгермесе.</p> <p>V.Қойылым "Екі дос" Талқылау *Екі дос бір-біріне адал ма? Неліктен? *Сендер досының орнында не істер едіңдер?</p> <p>VI. Сурт салу Олай болса, досқа, ата-анаға, бауырға, ортаға жалпы өмірде адал болу үшін қандай қасиеттер керек? -Махаббат, жылулық, мейірімділік. -Осы сезімдерді суретпен жеткізіп көрейік</p> <p>-Махаббатт- жүректің суретін салу</p>  <p>-Жылулық - оттың суретін салу</p>	<p>ндағыадалдыққасиеттергетокталды қ. Ендікелесіертегіге назараударайық. "Ұстаз бен шәкірт" ертегісі көрсетіледі</p> <p>Талдау Ойбөлісейік: - Ертегіденнеұқтыңдар? • Кәсіпдегенсөздікалайтүсінесіңдер? * Шәкіртіненіңарқасындажетістіккежетті? • Әділболуғаұмтылуадамғанеушінкажет? • Адал болу кез келген адамның қолынан келе ме? • Неліктен?</p> <p>IV.Тренинг (Оқушылар шеңберге тұрады, мұғалім болатын нәрселерді айтқанда оқушылар қолдарын үш рет</p>	
--	--	---	--



- Мейірімділік- күннің суретін салу



VII.Қортындылау

Жүректен - жүрекке шеңберімен аяқталады. Оқушылар бір біріне жүрек жарды тілектерін айтады.

шапалақтайды, ал болмайтын нәрселерді айтқанда колдарын бір рет шапалақтайды)
- Үлкендердің алдынан кесіп өтуге болмайды.
- Кішкене баланы жылатуға болмайды.
- Құстарды атуға болмайды.
- Қыз баланы ренжітуге болмайды.
- Сабақтан кешігуге болмайды.
- Сыныпта айғайлауға болмайды.
- Үлкен кісіні сыйлау керек
- Үлкеннің тілін алу керек..
- Үлкендерге сәлем беру керек.
- Кішілерді қамқорлау керек.
- Оқу құралдарын күтіп ұстау керек.

МАЗМҰНЫ

- МАЙЧУБАЕВА ГУЛЬДАНА АЗИМБАЕВНА
- ХУСПАН ЛИДА
- ДОСМЕТОВА МАРХАБА ЕРГЕШОВНА
- ШОХАБАЕВА БИЖАМАЛ БАЗАРГАЛИЕВНА